

ҚР ғылым және білім министрлігі
Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік
университеті

Әзірбайжан Республикасы

(AZƏRBAYCAN RESPUBLİKASI)

Орындаған: Қонғанова Гүлнұр
Кенжебекқызы



Әзірбайжан Республикасы

Азия мен Еуропа аралығында, Шығыс Кавказда орналасқан мемлекет. Ол солтүстігінде Ресеймен, солтүстік-батысында Грузиямен, оңтүстік-батысында Армения және Түркиямен, оңтүстігінде Иранмен, шығысында Каспий теңізі арқылы Қазақстанмен шектеседі.



Әзірбайжан Республикасы



Байрақ



Елтаңба

Тәуелсіздік күні : 28 мамыр 1918 (КСРО-дан 18 қазан 1991)

Ірі қалалары: Баку, Гәнжә, Сумгайыт, Ленкоран, Мингечаур, Нахчыван.

Ресми тілі : әзірбайжан тілі

Елордасы: Баку қаласы



Валютасы: Әзірбайжан
Манаты
1 манат = 181,88 ₮

Sabi Ueber

Client Code	Loan Num	Name
1 DB/06008		
2 DB/05647	DB/07694	Abilov Vaqif Mahammad
3 DB/00536	DB/07698	Agayev Mirneymat Sahib
DB/01056	DB/07699	Agayeva Shola H...
DB/05834	DB/07673	Aliyev Akif...
DB/3105	DB/07676	Al...
DB/07...		

Dist. Amo Int...



Әзірбайжан - Президенттік Республика

Президенті: Илхам Әлиев

Жер аумағы: 86,6 мың км²

Халқы: 9,5 млн адам

Халқының 82%-ы әзірбайжандықтар.


Әлемде шамасында 24 млн. адам
құрайды.

Халықтың басым көпшілігі
- ислам дінін ұстанады



*Әзірбайжан президенті -
Ильхам Гейдар оглы Алиев*

Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев



Əzərbaycan Respublikası -
66 rayon, 12 qala və 1 eksklav
Nəxçıvan avtonomiyalıq
Məmləkətinə bölünədi

Халқы

Әзірбайжан — көпұлтты ел, халықтың 82%-ын әзірбайжандықтар, орыстар 6%-ын, армяндар 5%-дан астамын құрайды. Елде Кавказ халықтары (лезгин, талыш, грузин, авар) мен түрік, күрд, татар, украин тәрізді ұлттардың өкілдері де тұрады. Негізінен, әзірбайжан (мемлекеттік тіл), орыс және түрік тілдері басым таралған. Дінге сенушілер арасында мұсылмандар басым, оның ішінде басым көпшілігі шиіттік бағытын, сүннеттік бағытты елдің солтүстік аумағындағы лезгиндер ұстанады. Сондай-ақ христиан дінінің православие тармағының өкілдері, иудеилер де бар.

ӘЗІРБАЙЖАН ХАЛҚЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ ҚҰРАМЫ


2010 жылы жүргізілген ұлттық санағының қорытындысы бойынша, 9 миллион адам.

Қала халқының үлесі 54,1% болып табылады. Халықтың гендерлік құрамы іс жүзінде бірыңғай: 1000 ер адамға 1039 әйелден.



- Әзірбайжандар 91,6%
- Лезгиндер 2%
- Армяндар 1,4%
- Басқалары

Әзірбайжанның жер бедерінің үштен екісін Үлкен және Кіші Кавказ таулары, Қарабақ жанартаулық таулы үстірті және Талыш таулары алып жатыр. Ең биік жері – Базардүзі (4466 м). Климаты қоңыржай белдеумен (Құра-Аракс ойпатында) субтропикалық белдеуді (Ленкоран ойпаты) құрайды. Қаңтар айының орташа температурасы ойпатты аудандарда 0°C-тан 3°C-қа дейін, шілденің орташа температурасы 25 – 27°C. Жауын-шашынның орташа мөлшері тау етектерінде 200 мм, тау-беткейлерінде 1400 мм, ал Ленкоран ойпатында 1700 мм-ге жетеді. Ірі өзендері Құра және Аракс. Ең үлкен көлдері – Қажықабұл және Бөйүкшор. Ойпатта шөл, шөлейт және құрғақ дала өсімдіктері өседі, таулы жерлерде жалпақ жапырақты орман басым.



Average min and max temperatures in Baku, Azerbaijan Copyright © 2016 www.weather-and-climate.com

Климат Баку

Показатель	Янв.	Фев.	Март	Апр.	Май	Июнь	Июль	Авг.	Сен.	Окт.	Нояб.	Дек.	Год
Средний максимум, °C	6,6	6,3	9,8	16,4	22,1	27,3	30,6	29,7	25,6	19,6	13,5	9,7	18,9
Средняя температура, °C	4,2	4,0	6,3	12,3	18,0	22,8	26,4	25,6	21,8	16,0	10,8	6,6	14,5
Средний минимум, °C	2,1	2,0	4,2	9,4	14,9	19,7	22,2	22,9	19,4	13,6	8,8	4,8	12,0
Норма осадков, мм	21	20	21	18	18	8	2	6	15	25	30	26	210

Источник: World Climate

Мұнай-газ өнеркәсібі

2006 жылдың соңында, Әзірбайжан дәл мұнай қоры жөнінен жалпы әлемдік алынатын қорлар 0,6% құрайды, 7 млрд баррель (1 млрд тонна) бар. Ірі мұнай кен орны «Азери-Чираг-Гюнешли».

Ірі газ конденсаты ШахДениз кеніші Бакуден 70 км оңтүстік-батысқа қарай Каспий теңізінің, оңтүстік-батысында орналасқан. Кен саласындағы теңіздің тереңдігі - шамамен 600 м, ауданы газды 860 км² шамасында.

Жалпы қоры табиғи газ 1,2 триллион текше метр және газ конденсатын 240 млн тонна деп бағаланып отыр. кен орнын игеру мынадай компаниялар кіреді консорциум арқылы жүзеге асырылады:

BP Amoco (25,5 %) — оператор

Statoil Azerbaijan (25,5 %)

SOCAR Azerbaijan (10 %)

Elf Petroleum Azerbaijan (10 %)

LukAgip N.V. («Лукойл» компаниясының еншілес, 10 %)

Oil Industries Engineering & Construction (10 %)

Turkish Petroleum Overseas Company Limited (9 %)

Құбыр тасымалы

«*Баку - Тбилиси – Эрзурум*» - ресми 25 наурыз 2007 ашылды. Құбырдың диаметрі - 42 дюйм, ұзындығы 970 км (Әзірбайжан 442 км және Грузияның 248 км және Эрзурум грузин-түрік шекарасын 280 км) болып табылады. Шах-Дениз жобасы шеңберінде өндірілген газды айдауға мүмкіндік береді.

«*Баку - Тбилиси – Джейхан*» мұнай құбыры - Джейхан түрік портына Каспий мұнайын тасымалдайды, Жерорта теңізінің жағалауында орналасқан. Құбырының ресми салтанатты ашылуы Джейханда 13 шілде, 2006жылы өтті. (Әзірбайжан (449 км), Грузия (235 км) және Түркия (1059 км) аумағында) 1773 км ұзындығы. Жобамен өткізу қабілеті - жылына 50 млн тонна немесе тәулігіне бір миллион баррель. Құны - \$ 3,6 млрд.

«*Баку – Сунса*» мұнай құбыры 17 сәуір, 1999 жылы пайдалануға берілді. Құбыр ұзындығы 837 шақырымды құрайды, Азери-Чираг-Гюнешли дамыту үшін келісім-шарт бойынша салынды. Құбыр диаметрі 530 мм.

«*Баку – Новороссийск*» - Қара теңіздің жағалауында орналасқан Новороссийск портына Ресей Каспий мұнайын тасымалдау үшін жүргізілген құбыр.



RUSSIA

BLACK SEA

CASPIAN SEA

GEORGIA

TURKEY

TURKMENISTAN

Novorossiysk

Baku-Novorossiysk oil pipeline

Baku-Supsa oil pipeline

Supsa

Tbilisi

Nabucco gas pipeline to Central Europe (planned)

Baku-Tbilisi-Ceyhan oil pipeline

Erzurum

Baku-Tbilisi-Erzurum gas pipeline

Baku

Turkmenbasy

AZERBAIJAN

Sangachal Terminal

Trans-Caspian gas pipeline (proposed)

AZ.

Ceyhan


Әзірбайжанда сапасы жоғары темір кендері, алюминий шикізаты, хром, молибден, кобальт, алтын, күкірт колчеданы және әртүрлі құрылыс материалдары, полиметалл кендері мен емдік минерал су көздері бар. Мұнай-газ, машина жасау және металл өңдеу, химия және мұнай химиясы өнеркәсіптері елеулі маңыз атқарады. Жеңіл өнеркәсіп кәсіпорындары әртүрлі маталар, тігін және былғары бұйымдарын, аяқкиімдер шығарады. Ауыл шаруашылығында мақта, темекі, бау-бақша өнімдері және мал шаруашылықтарының маңызы зор. Тамақ өнеркәсібі кәсіпорындары түрлі шарап пен коньяк, консерві, ұн, темекі, балық өнімдерін шығарады.

Әзірбайжан тілі (әз. Azərbaycan dili) — оңтүстік-шығыс Азияда, яғни ең алдымен Әзірбайжан мемлекетінде және Иранның солтүстік-шығысында тараған түркі тілдеріне, соның ішінде оғыз тармағына жататын тіл. Түрік тіліне өте жақын тіл.




Әзірбайжан тілі ортағасырлық оғыз түркі тайпаларының батысқа қарай көшуінің нәтижесінде пайда болып, араб және парсы тілдерінің зор ықпалына ұшыраған.

Ол біртіндеп сол аймақтың байырғы тілдерін ығыстырып шығарып, Сафауид династиясы орнағанға дейін сонда үстем тілге айналды.

A	B	C	Ç	D	E	Ə	F	G	Ğ	H	X	I	İ	J	K
a	b	c	ç	d	e	ə	f	g	ğ	h	x	i	ı	je	ke, ka
Q	L	M	N	O	Ö	P	R	S	Ş	T	U	Ü	V	Y	Z
q	l	m	n	o	ö	p	r	s	ş	t	u	ü	v	y	z



Шемахе Жұма мешіті (*Samaxi Süta Məscidi.*) - Шамахи қаласында орналасқан жұма мешіті. Дербент Жұма мешітінен кейін Кавказ бен Таяу Шығыстағы көне мешіт. Мешіттің бастапқы ғимараты 1902 жылы анықталған жазбада, 743 жылы Әбу Муслим салдырғандығы жөнінде жазылған.



Ұлттық мейрамдар

Әзірбайжан – бұл ұлттық дәстүрлерді сақтап, оларға құрметпен қарайтын ел. Бұрынғыдай айлық күнтізбе бойынша мейрамдар тойланады, атаулы күндер - Құрбан байрам (құрбандық шалу мейрамы Оручлуг), Рамазан байрам - оразадан кейінгі мейрам.

Новруз-байрам (Наурыз-мейрамы) – халық арасындағы Жаңа жыл мен көктемді тойлаудың ең ежелгі және құрметті мейрамы. Оны көктемгі күн мен түннің теңелген күні 21-22 наурызда тойлайды. Наурыз - табиғаттың жандануының белгісі, құнарлылықтың белгісі. Наурызға дайындық ертеден басталады. Үйлер көркейтіліп, ағаш отырғызылады, жаңа ңиім тігіледі, жұмысқалар боялады, тәтті-дәмділер мен ұлттық тағамдар дайындалады. Мейіз немесе жаңғақ қосылған бидай - говурму қуырылады. Әрбір үйде міндетті түрде үстел үстінде бидай тұқымынан әдейі өсірілген жасыл өскіндер тұрады, мейрамға дейін төрт апта бойы сейсенбі сайын от жағылып, олардың үстінен балар секіреді, майшамдар жағылады. Мейрамның алдында туған-туыстар мен жақын-жуықтардың зираттарына барады.



Анар фестивалі

Әзірбайжанда анар секілді бірегей жеміс бар - атап айтқанда, оған үлкен мән береді. Ол елдің символына айналған, осы уақытқа дейін 11 рет атап өтілген.

Дәстүр бойынша, анар орталығы саналатын Гейчайда қазан айының соңғы күндері және қараша айының басында - - анар фестивалі егін жинаудың соңына орай өткізіледі.

Фестивальге барлық анар өсіретін шаруа қожалықтары қатысады.

Жыл сайын бірнеше мың тонна анарды жинап, оның жартысын экспортқа шығарады. Дегенмен, ең дәмді, шырынды анарларды және олардан жасалған өнімдерді тек қана фестивальдан көре аласыз.





Ұлттық киімдері

Әзірбайжандардың сәнді костюмы гасырлар бойы ерекше өзгере қойған жоқ. Ерлердің киімі көптеген кавказдық халықтардың киіміне жақын, айырмашылықтары пішу және өңдеу бөлшектерінде ғана байқалады. Қолөнерлік матадан кең пішілген шалбар және бөзден тігілген туника тектес қарапайым жейде, архалук деп аталатын шыттан немесе сәтеннен тігілген көкірекше. Костюм елтірі бөрікпен және чарык деп аталатын қолдан жасалған шылғи аяқ киім мен жүн байпақпен аяқталады. Сонымен қатар чоху және қысқы тон – кюрк болады. Сол уақыттағы әзірбайжан әйелдерінің киімінде түстік үйлесімде ашық бояулар басым болды. Әйелдер киімінің негізгі элементтері бөзден, шыттан, сәтеннен және жібектен тігілген туника тәріздес қысқа жейде, сонымен қатар 6-12 тік матадан тігілген кең пішілген ұзын етектегі бүрмелі белдемше болған. Шаптары қап тәрізді бас киімге жиналып, сыртынан жергілікті қолөнер өндірісінің жібек орамалын жамылған. Аяқтарына қолдан тоқылған жүн немесе жібек байпақ, ал сыртынан – ерлердікіне ұқсас кебіс киетін болған. Әйелдер костюмы зергерлік бұйымдармен толықтырылды, олар бастарына, мойындарына, кеуделеріне, қолдарына тағылатын болған. Әйел адам бөтен кісінің көзінше бетінің төменгі жақ бөлігін яшмаг деп аталатын бас орамалмен жауып ұстайды. Әйелдер киім-кешегінің маңызды бөлшегі – былғарыдан жасалған, тиындармен көмкерілген және күміс тоғасы бар белбеу.



АЗЕРБАЙДЖАНЦЫ



AZERBAIJAN

Photo by Stas Rubenchik

OPEN.AZ
Az-Maz.com




Ұлттық тағамдары

Әзірбайжандардың тұрмысындағы анағұрлым дәстүрлісі тағамдары болып қала береді. Қазірге дейін ауылдық жерлерінде тандырда пісірілген бидай ұнынан жасалған нанды ұнатады. Сонымен қатар, ұзыншақ болып келетін чурек-фэтир, көп уақыт сақтауға болатын жұқа нан – лаваш пісіреді. Дәстүрлі мерекелік тағам – палау, оның жүздеген түрлері бар. Еттен жасалған тағамдарға талшын, өрік, мейіз және әр түрлі көк шөп қосады. Сонымен қатар жингал деп аталатын ұннан жасалған тағамдарды жақсы көреді, балапандардың ішіне жаңғақ салып, істікте қуырады, балықтың ішіне тартылған ет салып тандырда пісіреді. Сұйық тағамдардан әсіресе пшти, кюфта-бозбаш, хамраши, көк шөп қосылған сүттен жасалған довга-суп және т.б. кеңінен танымал. Тартылған қой етіне күріш және әр түрлі дәмдеуіштер қосып, оны жүзім жапырақтарына немесе ерекше дәм мен хош иіс беретін орамжапыраққа орап пісірілетін долма да жалпыға танымал тағам болып саналады. Тартылған жас қой етімен сонымен қатар баклажан, қызанақ, болгар бұрышын, алманы да дайындайды. Отбасылық салтанаттарға әр түрлі тәтті-дәмді: шекербура, пахлава, жүзім мен тұттан дошаб, яғни тосап сияқты тағамдар пісіреді.



Баку, Бақы (әз. Ваки, парсы “бад кубе” – жел өтіндегі қала) – Әзірбайжан Республикасының астанасы. Каспий теңізінің батыс жағалауында, Апшерон түбегінің оңтүстігінде орналасқан. Тұрғыны 2,06 млн. адам.



Бакудың басты тарихи-сәулеттік ғажайыбы ескі қала Ичери-шехер болып табылады. Ол Баку қаласының ішіндегі 221 мың м² аумақты алып жатыр. Алғашқы адамдар мұнда қола ғасырда келген, VIII-XI ғасырда Ичери-шехер аумағы толықтай қоныстанған. 2000 жылы Ичери-шехер ЮНЕСКО-ның Дүниежүзілік мұралар тізіміне енді.






Бакудың ең жұмбақ ескерткіші Гыз Галасы немесе Қыз мұнарасы Ичери-шехердің оңтүстік-батысында орналасқан. Мұнараның солтүстік жағындағы биіктігі 31 метрді, ал оңтүстік жақтағы биіктігі 28 метрді құрайды.









Туристер "Сайтан алғыр"! деп атап кеткен орын. 1968 жылы «Гауһар тасты қол» фильмінің Семен Семенович Горбунковтың (Юрий Никулин) атақты құлау сәті түсірілді. Одан басқа Ескі қалада "Человек-амфибия", "Айболит-66", "Тегеран-43", "Не бойся, я с тобой" сияқты кеңестік фильмдер түсірілді.



A night-time photograph of three modern, curved skyscrapers with glass facades, illuminated with warm lights. The towers are set against a dark blue sky. In the background, a cityscape with various buildings and lights is visible, along with a body of water. The text 'Назарларыңызға рахмет!' is overlaid in the center in a light purple, italicized font.

*Назарларыңызға
рахмет!*